


3. КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ЗАҢДЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

- ▶ **3.1. Лицензиялау деген не?**
- ▶ **3.2. Мемлекет мүлігін өтеусіз негізінде қалай алуға болады?**
- ▶ **3.3. Мемлекеттік сатып алуларға қалай қатысуға болады?**
- ▶ **3.4. «Сыртқы экономикалық қызмет» деген не?**
- ▶ **3.5. Заңды тұлғаны тарату қалай жүзеге асырылады?**

3.1. Лицензиялау деген не?



Лицензия — «тиісті
лицензиардың жеке немесе
заңды тұлғаға қызметтің
жекелеген түрімен айналысуға
беретін рұқсаты». Лицензиар —
лицензиялауды жүзеге
асыратын мемлекеттік орган,
ал лицензиясы бар жеке немесе
заңды тұлға «лицензиат» деп
аталады.

Лицензиялау — лицензияларды беруге және қайта ресімдеуге, лицензиаттардың тиісті талаптарды сақтауын лицензиарлардың бақылауды жүзеге асыруына, лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұруға және қайта бастауға, лицензиялардан айыруға байланысты іс-шаралар кешені.

Лицензия түрлері :

1. Субъектілер бойынша

- ▶ 1) жеке тұлғаларға берілетін
- ▶ 2) заңды тұлғаларға берілетін
- ▶ 3) шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға, шетелдік заңды тұлғаларға және халықаралық ұйымдарға берілетін

▶ 2. Қызмет көлемі бойынша

- ▶ 1) бас лицензия — қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға қолданыс мерзімі шектеусіз берілетін
- ▶ 2) біржолғы лицензия — рұқсат етілген мерзім, көлем, салмақ немесе саны шегінде (заттай не ақшалай алғанда) жекелеген қызмет түрімен айналысуға берілетін және т. б.
- ▶ 3) операциялық лицензия – банк қызметінде жекелеген операциялармен айналысуға, сақтандыру қызметінде сыныптарды (сақтандыру сыныптарын) иеленуге берілетін

Импорт және экспорт саласындағы лицензия түрлері :

- ▶ * бас лицензия
- ▶ * ерекше лицензия
- ▶ * біржолғы лицензия

Лицензия қойылған біліктілік талаптарына сәйкес келетін заңды және жеке тұлғаларға беріледі. Біліктілік талаптары — өтініш берушінің жекелеген лицензияланатын қызмет түрімен және (немесе) лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрімен айналысу қабілетін сипаттайтын сандық және сапалық нормативтер мен көрсеткіштердің жиынтығы.

6.2. Мемлекет мүлігін өтеусіз негізінде қалай алуға болады?

2011 жылғы 1 наурыздағы №413-IV «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган республикалық мүлікті жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығынсыз, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне кейіннен сатып алу құқығымен немесе кейіннен өтеусіз негізде беру құқығымен мүліктік жалдауға (жалға алуға), сенімгерлік басқаруға береді, сондай-ақ облыстық коммуналдық мүлікті жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығынсыз, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне кейіннен сатып алу құқығымен немесе кейіннен меншігіне өтеусіз негізде беру құқығымен мүліктік жалдауға (жалға алуға), сенімгерлікпен басқаруға береді;

Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары аудандық коммуналдық мүлікті жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығынсыз, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне кейіннен сатып алу құқығымен немесе кейіннен меншігіне өтеусіз негізде беру құқығымен мүліктік жалдауға (жалға алуға), сенімгерлікпен басқаруға береді;

Бұл нені білдіреді? Онда Сіз бірнеше уақыт өткен соң мүлікті жекешелендіру құқығымен мемлекет мүлігін тегін пайдалану мүмкіндігіне ие боласыз.

Заңға сәйкес (106, 120-бабы), «Сауда-делдалдық қызметті қоспағанда, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне бір жылдан астам уақыт пайдаланылмаған мемлекеттік мүлік өндірістік қызметті ұйымдастыру және халыққа қызметтер көрсету саласын дамыту үшін кейіннен меншікке өтеусіз беру құқығымен бір жыл мерзімге сенімгерлікпен басқаруға немесе мүліктік жалдауға (жалға алуға) берілуі мүмкін».

Яғни, бір жылдан артық мерзімде пайдаланылмай тұрған мемлекет мүлігін тапсаңыз, оны өтеусіз беру құқығымен өз меншігіне қалдыру құқығымен бір жыл мерзімге сенімгерлікпен басқаруға аласыз немесе мүліктік жалдай аласыз!! Бұл тек шағын кәсіпкерлік субъектілеріне беріледі.

«Өндірістік қызметті ұйымдастыру және халыққа қызметтер көрсету саласын дамыту үшін меншікке кейіннен өтеусіз бере отырып мемлекеттік меншіктің пайдаланылмайтын объектілерін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мүліктік жалға (жалдауға) немесе сенімгерлік басқаруға беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 наурыздағы №243 Қаулысына сәйкес объектілерді беру тендер негізінде жүзеге асырылады.

Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мүлктік жалға (жалдауға) немесе сенімгерлік басқаруға беру бойынша тендерге қойылатын пайдаланылмайтын объектілердің тізбесі ұйымдардың бір жылдан астам мақсаты бойынша пайдаланылмаған мемлекеттік меншіктегі (ғимараттар, құрылыстар, көлік құралдары және жабдықтар) мүлкінің ішінен қалыптасады. Қалыптастырылған тізбенің негізінде аумақтық бөлімшелер (атқарушы органдар) тендерлер өткізу кестесін жасайды.

Тендер өткізу үшін тұрақты жұмыс істейтін комиссиялар құрылады. Комиссияның құрамына шағын кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктерінің өкілдері (келісім бойынша) енгізіледі, оның тізімін әкімдіктерден білуге болады.

Ескерту! Тендерге қойылған нысандар және тендердің шарты туралы ақпараттарды еркін алуға рұқсат беріледі

Мерзімді басылымдарда тендер өткізу жарияланған күнге дейін 15 күн бұрын мемлекеттік және орыс тілдерінде нысандар жөнінде ақпараттық хабарламалар жарық көруі тиіс. Онда мынадай мәліметтер енгізілуі керек:

- ▶ 1) тендердің шарттары мен жеңімпазды таңдау өлшемдері;
- ▶ 2) тендер объектісінің қысқаша сипаттамасы;
- ▶ 3) тендер өткізу күні, уақыты және орны;
- ▶ 4) тендерге қатысуға өтінімдерді қабылдау мерзімдері;

- ▶ 5) жалдау ақысының мөлшері (мүліктік жалға (жалдауға) беру кезінде);
- ▶ 6) тендерге қатысуды ресімдеу тәртібі;
- ▶ 7) кепілдік жарнаның мөлшері және оны енгізу үшін банктік деректемелер (кепілдік жарнаның мөлшерін ақпараттық хабарлама жарияланғаннан кейін өзгертуге болмайды) қамтылуы тиіс.

Тендер құжаттамасы мынадай негізгі бөлімдерді:

- ▶ 1) тендер объектісі туралы мәліметтерді;
- ▶ 2) өтінімдер мен онымен бірге ұсынылатын құжат-тардың мазмұны бойынша талаптарды;
- ▶ 3) тендер өткізу тәртібі мен шарттарын;
- ▶ 4) мүліктік жалға
- ▶ (жалдауға беру) немесе сенімгерлік басқару шартының жобасын;
- ▶ 5) тендерге қатысу өтінімінің формасын қамтуы тиіс.

Тендерге қатысушыларды тіркеу тендер өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және тендер өткізуге дейін бір күн бұрын аяқталады.

- ▶ Егер Сіз тендерге қатысуға ниет білдірсеңіз белгіленген мерзімдерде:
- ▶ 1) үміткердің тендерге қатысуға келісімі мен оның тендер шарттарын орындау және тиісті шарт жасасу жөніндегі міндеттемелерін қамтитын тендерге қатысуға арналған өтінімді;

- ▶ 2) осы объектіде өндірістік қызметті ұйымдастыру және халыққа қызмет көрсету жөніндегі бизнес-жоспарды;
- ▶ 3) занды тұлғалар — мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің, құрылтай құжаттарының (құрылтай шарты мен жарғы) және салық төлеуші куәлігінің (салыстыру үшін түпнұсқаларын ұсынбаған жағдайда нотариалды куәландырылған) өшірмелерін; жеке тұлғалар — жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің, жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың және салық төлеуші куәлігінің (салыстыру үшін түпнұсқаларын ұсынбаған жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмелерін;

- ▶ 4) салық берешегінің жоқтығы туралы салық органының анықтамасын;
- ▶ 5) кепілдік жарнаның енгізілуін растайтын төлем құжатының көшірмесін;
- ▶ 6) қолдаухат берілген жыл алдындағы қаржы жылында, сондай-ақ жыл басынан бергі ағымдағы кезеңде қызметі түрлерінің тізбесін, шағын кәсіпкерлік субъектісі өндірген және (немесе) өткізген өнім түрлерінің атауларын, өнім көлемін;

- ▶ 7) қолдау хат берілген күн алдындағы соңғы есепті күнгі жағдай бойынша шағын кәсіпкерлік субъектісінің бухгалтерлік теңгерімді не егер шағын кәсіпкерлік субъектісі салық органдарына бухгалтерлік теңгерімі табыс етпейтін болса, Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген өзге де құжаттаманы;
- ▶ 8) шағын кәсіпкерлік субъектісімен бір адамдар тобына кіретін адамдардың тізбесін ұсынасыз.

- ▶ Егер талап етілетін құжаттар пакетін толық ұсынбасаңыз, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешегіңіз болса немесе құжаттар белгіленген талаптарды бұзып ұсынсаңыз, тендер қатысушысы ретінде тіркеуден бас тартуға негіз болады. Яғни, Сізге құжаттарды дұрыс ресімдеп, тендерге қатысуға қажетті барлық құжаттарды жинастыру керек.

Сіз тендерге қатысушы ретінде:

- ▶ 1) тендерге жеке өзі немесе тиісті түрде ресімделген сенімхаттың негізінде өзінің өкілдері арқылы қатысуға;
- ▶ 2) тендерге қойылатын объект бойынша қосымша мәліметтерді, нақтылауларды тегін алуға;
- ▶ 3) объектіні алдын-ала қарауға;
- ▶ 4) оның құқықтары бұзылған кезде сотқа жүгінуге;
- ▶ 5) конверттерді ашу және ұсыныстарды хабарлау кезінде қатысуға;

- ▶ 6) өзінің тендерге қатысуға арналған өтінімін бұл туралы комиссияға оны өткізгенге дейінгі 3 күннен кешіктірмей жазбаша хабарлай отырып, қайтарып алуға;
- ▶ 7) тендер жеңімпазы болғандығы туралы хаттамаға қол қоюға;
- ▶ 8) тендер қорытындылары туралы хаттаманың көшірмесін алуға (міндетті тәртіпте) құқығыңыз бар.

Егер өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталған сәтте (үшінші және келесі тендерлерді қоспағанда) бір ғана өтінім тіркелген болса, тендер өтпеді деп танылады. Тендер өткізілетін күні отырыста комиссия мүшелері тендерге қатысушылардың ұсыныстары бар конверттерді ашады және олардың ұсыныстарын жариялайды. Конверттерді ашу алдында комиссия мүшелері олардың бүтіндігін тексереді, бұл комиссия отырысының хаттамасында тіркеледі.

Конверттерді ашқаннан және ұсыныстарды жариялағаннан кейін, комиссия ұсыныстарды талқылау және бағалау үшін кеңесуге кетеді. Тендерге қатысушылар (олардың өкілдері) ұсыныстарды талқылау және бағалау кезінде қатыспайды. Комиссияның шешімі бойынша ұсыныстары тендер құжаттамасындағы барлық талаптарға жауап беретін және тендер шарттарын орындау бөлігінде үздік болып табылатын қатысушы тендер жеңімпазы деп танылады.

Тендер нәтижелері туралы хаттама мүліктік жалға беру немесе сенімгерлік басқару шарты соған сәйкес жасалатын құжат болып табылады.

- ▶ Бұдан әрі тендер қорытындысы бойынша объектіні беруге келісім беру туралы Монополияға қарсы органына қолдау хат жібереді. Шағын кәсіпкерлік субъектісіне объектіні беруге келісім беруден бас тарту үшін мыналар:

- ▶ 1) «Бәсекелестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілген мақсаттарға сәйкес келмеуі;
- ▶ 2) егер оның берілуі бәсекелестікті жоюға немесе шектеуге әкеп соғуы мүмкін болса негіз болып табылады.

Тендер нәтижелері туралы хаттаманың және монополияға қарсы органның объектіні шағын кәсіпкерлік субъектісіне беруге келісімі негізінде тендер жеңімпазымен тендерге қатысу кезінде мәлімделген ұсыныстарға жауап беретін шарттарда мүліктік жалға беру немесе сенімгерлік басқару шарты (бұдан әрі - шарт) жасалады.

Шартқа қол қойылғаннан кейін 10 күннен кешіктірмей теңгерім ұстаушы объектіні объекті мүліктік жалға (жалдауға) немесе сенімгерлік басқаруға беру туралы қабылдау-беру актісі бойынша Сізге тендер жеңімпазы ретінде беруге тиіс.

Ғимарат пен құрылысты мүліктік жалға (жалдауға беру) шарты мемлекеттік тіркелуге жатады және осындай тіркелген сәтінен бастап жасалған деп саналады. Мүліктік жалға (жалдауға беру) шарттарын мемлекеттік тіркеу шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Тендер жеңімпазының кепілдік жарнасы мүліктік жалға беру шарты бойынша тиесілі төлемдердің есебіне жатады.

Шарт жасасқан сәттен бастап алты ай өткеннен кейін аумақтық бөлімше (атқарушы орган) жергілікті жерге шыға отырып, Сіздің өндірістік қызметті жолға қою (халыққа қызмет көрсету) туралы шарттың талаптарын орындап жатқандығыңызды тексеруді жүзеге асырады. Тексеру қорытындылары бойынша аумақтық бөлімше (атқарушы орган) комиссияға ақпарат жібереді.

Жұмыс жүрмесе, яғни шарттың талаптары орындалмаған кезде, шартты бұзады және комиссияға алдын ала хабарлама жібере отырып, объектіні тендерге қайта қояды.

Шарттың мерзімі аяқталғанда және оның талаптары толық орындалған кезде аумақтық бөлімше (атқарушы орган) объектіні іздің меншігіңізге өтеусіз беру туралы шешім қабылдайды, бұл жөнінде Сізге тіркеу есебінде тұрған салық органын хабардар етеді.

6.3. Мемлекеттік сатып алуларға қалай қатысуға болады?

Мемлекеттік сатып алу (мемсатып алу) — Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асыратын жарғылық қызметін орындауын қамтамасыз ету үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді тапсырыс берушілердің ақылы негізде сатып алу (21.07.2007 жылғы №303-ІІІ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы»).

Қазақстан Республикасында мемлекеттік сатып алу мынадай тәсілдердің бірімен жүзеге асырылады:

- ▶ 1) конкурс тәсілімен (конкурс екі кезендік рәсімдер пайдаланыла отырып өткізілуі мүмкін);
- ▶ 2) баға ұсыныстарын сұрату;
- ▶ 3) бір көзден алу;
- ▶ 4) ұйымдастырылған электронды саудасаттық;
- ▶ 5) тауар биржалары арқылы
- ▶ 6) басқа да жағдайлар.

- ▶ Жеткізушілерге қандай біліктілік талаптары қойылады және кім жеткізуші бола алады?
Мемлекеттік қызмет жеткізушілері бола алады:
- ▶ • Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушы жеке тұлғалар;
- ▶ • Заңды тұлғалар (өзгешеліктерімен);
- ▶ • Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасаған мемлекеттің контрагенті ретінде танылатын заңды тұлғалардың уақыт бірлестігі (консорциум).

Жеткізушіге қойылатын біліктілік талаптары

- ▶ 1.Жалпы
- ▶ 2.Арнайы

Мемлекеттік сатып алуларға қатысатын кәсіпкерлер үшін төмендегілерді шешуге көмектеседі:

- ▶ • тиімді ұсынысты құру үшін өз қызметін жоспарлау; сатып алынатын өнімге баға белгіленіміне алдын ала ұсыныстарын беру;
- ▶ • өткізілетін сатып алулар туралы уақтылы ақпарат- тар алу;
- ▶ • мемлекеттік сатып алуларға қатысуға кететін шығындарды төмендету;
- ▶ • ҚР басқа қалаларында және өңірлерінде өткізілген сатып алуларға қатысу.

Мемлекеттік сатып алуларға қатысу процесі қалай өтеді?

Электрондық мемлекеттік сатып алуларға қатысу үшін мыналар талап етіледі:

- ▶ • Астана қаласында орналасқан Ұлттық куәландыру орталықтарынан электрондық сертификаттар алу: (www.pki.gov.kz). Астана, Алматы қаласы және Қазақстан Республикасының барлық облыстардағы қызмет көрсету орталықтарында орналасқан Ұлттық куәландыру орталықтарында түпнұсқаландыру және электрондық сандық қойылған қол үлгісін беру жүзеге асырылады.

- ▶ пайдаланушы ретінде тіркелу және өз ұйымыңызды мемлекеттік сатып алу веб-порталына тапсырыс беруші, ұйымдастырушы немесе жеткізуші ретінде қатысушы болып тіркеу. Мемлекеттік сатып алу веб-порталына тіркеу тәртібі туралы толық ақпаратты мына сайттан көре аласыз <http://goszakur.gov.kz/wiki/index.php/>
- ▶ • Сертификат бойынша жүйеге кіру және электрондық мемлекеттік сатып алуларға қатысу.

Мемлекеттік сатып алулардың ұйымдастырушысы мемлекеттік сатып алулардың веб-порталына конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру туралы хабарландыру мәтінін, сондай-ақ конкурс тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алулардың қорытындысы туралы ақпараттарды орналастыруға міндетті, ал конкурстық өтінімдерді беру және қарастыру барысы қағаз форматта ресімделеді.

2001 жылғы 30 қаңтардағы №155-ІІ Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне сәйкес барлық кәсіпкерлердің мемлекеттік сатып алулар туралы Қазақстан Республикасы заңнамасын бұзғандығы үшін жүктелетін жауапкершілікті естен шығармаған жөн. Мемлекеттік сатып алулар туралы Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес шағын кәсіпкерлік субъектілерінен сатып алынатын тауарлардың (жұмыс, қызмет) номенклатурасы мен оның көлемін (пайыздық көрінісін) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Конкурстық құжаттамада конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсынысына әсер ететін мынадай критерийлерді:

1) әлеуетті өнім берушіде:

- ▶ • өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің;
- ▶ • өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында кәсіби біліктілік деңгейі мен жұмыс тәжірибесі бар, мамандардың;

- ▶ • Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес отандық тауар өндірушілер үшін ұсынылатын тауарларды ерікті түрде сертификаттауды растайтын құжаттың;
- ▶ • мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес сапаның сертификатталған менеджмент жүйесінің (сертификатталған жүйелерінің) болуын;

- ▶ 2) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің функционалдық, техникалық, сапалық сипаттамаларын және (немесе) пайдалану шығыстарын, сатып алынатын тауарларға техникалық қызмет көрсетуді және оларды жөндеуді;
- ▶ 3) қазақстандық қамтуды көздеуге (Мемлекеттік сатып алу жүйесі Қазақстан өндірушілерінен сатып алу басымдылығын қарастырады. Жеткізілген тауардың отандық екенін дәлелдеу үшін, жеткізушілерде СТ-KZ қазақстандық қамту сертификаты болуы тиіс) міндетті.

«Мемлекеттік сатып алудың жауапсыз қатысушыларының тізілімі» арқасында жауапсыз тізілімде тұрған жеткізушілерді оқшаулау сатып алудың бастапқы кезеңінде жүзеге асырылады, осы тізілімде тіркелген жеткізушілер өз баға- ұсыныстарын бере алмайды.

Мемлекеттік сатып алудың жауапсыз қатысушыларының тізілімі келесі тізімді ұсынады:

- ▶ • біліктілік талаптары бойынша дұрыс ақпаратты ұсынбаған әлеуетті жеткізушілер;
- ▶ • осы заңның 6-бабының талаптарын бұзған әлеуетті жеткізушілер;
- ▶ • мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасауға бас тартқан әлеуетті жеткізушілер;
- ▶ • мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шарт бойынша өз міндеттерін орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған жеткізушілер.

Әлеуетті өнім беруші, егер:

- ▶ 1) осы әлеуетті өнім берушінің басшылары және (немесе) осы әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаттары өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие болса, не өткізілетін мемлекеттік сатып алуда тапсырыс берушінің немесе ұйымдастыру- шының өкілі болып табылса;

- ▶ 2) әлеуетті өнім беруші және (немесе) оның қызметкері тапсырыс берушіге не мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға өткізілетін мемлекеттік сатып алуды дайындау жөнінде сараптамалық, консуль- тациялық және (немесе) өзге де қызметтер көрсетсе;
- ▶ 3) мемлекеттік сатып алуға қатысуға үміткер әлеуетті өнім беруші басшыларының мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген заңды тұлғаларды басқаруға, құруға, олардың жарғылық капиталына қатысуға байланысты қатыстары бар болса;

- ▶ 4) әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде тұрса;
- ▶ 5) баланстық құны тиісті негізгі құрал-жабдықтар құнының он пайызынан асатын әлеуетті өнім берушінің және (немесе) ол тартқан қосалқы мердігердің (бірлескен орындаушының) мүлкіне тыйым салынса;
- ▶ 6) әлеуетті өнім берушінің және (немесе) ол тартқан қосалқы мердігердің (бірлескен орындаушының) қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрса, өткізілетін мемлекеттік сатып алуға қатысуға құқылы емес.

Егер Сіз мемлекеттік сатып алуға қатысу туралы шешім қабылдасаңыз, сатып алу қатысушыларына, конкурстық құжаттама ресімделуіне, құжаттарды өткізу мерзіміне ұсынылатын талаптарымен мұқият танысыңыз.

Мемлекеттік сатып алулар туралы ақпараттарды қайдан білуге болады? Мемлекеттік сатып алулардың арнайы порталы бар
<http://goszakup.gov.kz/index.php?lang=rus> (орыс тілінде)
немесе <http://goszakup.gov.kz/index.php?lang=kaz>
(мемлекеттік тілде). Портал дегеніміз — мемлекеттік сатып алулар саласындағы барлық электрондық қызметтерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін бірыңғай нүкте, ол жеткізуші ретінде Интернетке қосылған кез келген компьютерден мемлекеттік сатып алуларға қатысуға жағдай жасайды.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жүйесімен жұмыс істеу бойынша ақпаратты

<http://goszakur.gov.kz/wiki/index.php/> сайтында табуға болады.

Барлық жаңалықтар <http://goszakur.gov.kz/wiki/index.php/>

Жаңалықтар сайтында бар. Бөлімнің

<http://goszakur.gov.kz/wiki/index.php/> Пайдаланушының

нұсқаулығы бетінде ҚР мемлекеттік сатып алу сайтында

пайдаланушылардың барлығына нұсқаулықтар ұсынылған

(Тіркеу бойынша нұсқаулық, Жеткізушінің нұсқаулығы,

Ұйымдастырушының нұсқаулығы, «Жоспарлау» модулі

бойынша нұсқаулық, пайдаланушының Қағаз сатып алу

бойынша нұсқаулығы, пайдаланушының Шарттың тізілімі

бойынша нұсқаулығы, пайдаланушының «Қазақстандық қамту

көлемі туралы есеп» нұсқаулығы, пайдаланушының есеп беру

әкімшіні таңдау бойынша нұсқаулығы, «1-ГЗ есеп беру»

нұсқаулығы, пайдаланушының Талдау және статистика

бойынша нұсқаулығы)

Мұнда қойылатын сұрақтармен және жауаптармен
[http://goszakur.gov.kz/wiki/index.php/Жиі_қойлатын_сұрақтар_\(FAQ\)](http://goszakur.gov.kz/wiki/index.php/Жиі_қойлатын_сұрақтар_(FAQ)) және
http://goszakur.gov.kz/wiki/index.php/Сатып_алу_бойынша_түсіндірмелер сайттарында танысуға болады.

Білген пайдалы (оқыңыз):

- ▶ 1) 2007 жылғы 21 шілдедегі №303 «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Қазақстан Республикасы Заңы;
- ▶ 2) 2007 жылғы 27 желтоқсандағы №1301 «Мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы;
- ▶ 3) 2010 жылғы 2 сәуірдегі №281 «Мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы;

Пайдалы сілтемелер:

- ▶ 1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу бойынша форумында <http://forum.ecc.kz/> портал-дың басқа пайдаланушылармен сұхбаттасуға және қызықтыратын сұрақтарды қоюға болады.
- ▶ 2) www.minjust.kz/ru/node/9028/ — Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің сайты (мемлекеттік сатып алу саласында заңнама өзгертулері туралы ақпарат берілген, конкурстар және конкурстың қорытындысы)

- ▶ 4) <http://tender.bposd.ru/publ/1-1-0-163> — бизнес-портал «Тендер және мемлекеттік тапсырыстарды сатып алу каталогы»,
- ▶ Болжалды сатып алу туралы ақпаратты мемлекеттік ұйымдар, әртүрлі министрлік және ведомстволық, республика газеттерінің сайттарынан табуға болады.



6.4. «Сыртқы экономикалық қызмет» деген не?

Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызметі экономикалық, сауда, валюталық, ғылымтехникалық, мәдени және дүниежүзілік бірлестікке кіретін елдермен жасалатын басқа да қарымқатынастарды қамтиды.

Сыртқы экономикалық қызметтің субъектілері, меншік формасына қарамай, Қазақстан Республикасында сыртқы экономикалық қызметтің қатысушылары ретінде тіркеле алады: Қазақстанның азаматтары мен заңды тұлғалар, шетел азаматтары мен заңды тұлғалары.

Сыртқы экономикалық қызметтің
субъектілері, меншік формасына қарамай
қызметтің түрін, көлемін және бағытын
дербес анықтайды. Олар Қазақстан
банктерінде, сондай-ақ шетел банктерінде
шот ашуға құқылы. Субъектілердің
қызметтен түскен пайдасы салық
төлегеннен кейін оның иелігінде қалады.
Сыртқы экономикалық қызметті жүргізу
үшін СЭҚ қатысушысы болу қажет.

Сонымен қатар, жеке тұлғалардың тауарлары кедендік Қазақстан Республикасының кедендік шекарасымен жүк декларацияны беру арқылы өткізілген жағдайда, жеке тұлға СЭҚ қатысушысы ретінде кедендік органдардың есебіне тұрады.

Кеден органдары сыртқы экономикалық қызметтерге қатысушыларды келесі құжаттар негізінде және оларды ұсынған жағдайда электронды түрде (автоматтандырылған) тіркейді:

1) заңды тұлғалар:

- ▶ • заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің немесе оның құрылымдық бөлімшесі үшін есептік тіркеу туралы куәліктің нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

- ▶ • заңды тұлғаның банкте есепшот ашуы туралы банктен алынған анықтамалар;
- ▶ • салық органы берген салық төлеуші куәлігінің көшірмелері;
- ▶ • статистикалық басқарма берген статистикалық карточканың көшірмесі;
- ▶ 2) жеке тұлғалар тауарларды Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізетін жағдайда, деларация беру кезінде кедендік жүк декларациясы қолданылады;

- ▶ • Қазақстан Республикасының азаматының жеке куәлігі немесе төлқұжаты;
- ▶ • салық органы берген салық төлеуші куәлігінің көшірмелері;
- ▶ • егер жеке тұлғаның банкте есепшоты болса, есепшот туралы банктен алынған анықтамалар;

Есепке қою үшін ұсынылған құжаттардың мәліметтері өзгерген жағдайда, декларант он бес күнтізбелік күн

Тіркелу үшін арнайы бланктер мен арыздарды толтыру қажет емес!!

ішінде сыртқы экономикалық қызметтің қатысушы ретінде есепке қойған кеден органына құжаттардағы мәліметтердің өзгергендігін растайтын құжаттарды көрсетуге міндетті.

Тіркеу келесі мерзімдерде іске асырылады:

- ▶ 1) тұтынушының қажетті құжаттар өткізгеннен бастап мемлекеттік қызмет көрсетіледі: бір жұмыс күні ішінде;
- ▶ 2) қажетті құжаттарды өткізу үшін кезекте тұру уақыты: 40 минуттан аспауы керек;
- ▶ 3) құжаттарды алу үшін кезекте тұру уақыты: 40 минуттан аспауы керек;

Мемлекеттік қызмет көрсету
тәртібі және қажетті құжаттар
тізімінің толық көлемі туралы
барлық ақпараттар кеден
органдарының ақпараттық және
анықтама стендтерінде, сондай-ақ
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігінің кедендік

Сыртқы экономикалық қызмет қатысушысы тегін тіркеледі
Тіркелу үшін арнайы бланктер мен арыздарды толтыру қажет емес!!

бақылау комитетінің ресми сайтында www.customs.kz.
орналастыру керек. Қабылдау алдын ала кезекке жазылу арқылы жүргізілмейді, жылдам қызмет көрсетуге тыйым салынады, тек қана кезекке тұру арқылы жүзеге асырылады. Сіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды әзірлеп болғаннан кейін, оны кеден органына өткізесіз. Құжаттарды қабылдау кезінде Сізге мемлекеттік қызметті алу үшін барлық қажетті құжаттар қабылданғандығы туралы талон берілуі керек. Сыртқы экономикалық қызметтің карточкасы тұтынушының қолына беріледі. Егер сіз құжаттарды толық түрде тапсырмасаңыз, бұл сыртқы экономикалық қызмет қатысушысы ретінде құжаттарыңызды қабылдауға толық негіз болады.

Кеден органдарының заңсыз әрекетіне
шағым түсіру тәртібі қандай?

Егер Сіз кеден органдарының
қызметкерлерінің әрекетін
(әрекетсіздігін) заңсыз деп танысаңыз,
оған шағым түсіруге құқығыңыз бар.

Кеден органдарының қызметкерлерінің заңсыз әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым түсіру келесі бағыттар бойынша жүзеге асыруға болады:

- ▶ 1) кеден органдарының жетекшілеріне немесе жоғары өкілетті кеден органдарының жетекшілеріне тікелей жүгіну арқылы;
- ▶ 2) кеден органдарының, жоғары өкілетті кеден органдарының «сенім» телефонына немесе Қазақ- стан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетінің 8 (7172) 794552 (794635) нөміріне хабарласу арқылы. Кеден органдарының «сенім» телефондарының тізімі қосымшада көрсетілген;

- ▶ 3) жоғары өкілетті кеден органдарының кеңсесіне мемлекеттік немесе орыс тілінде жазбаша түрде өтініш беру. Кеден органдары кеңселерінің мекенжайлары қосымшада көрсетілген;
- ▶ 4) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің кедендік бақылау комитетінің кеңсесіне мемлекеттік немесе орыс тілінде жазбаша түрде өтініш беру. Мекенжайы: Астана қ, Бейбітшілік көшесі, 10. Шағымдар есеп алу кітабында тіркелуі және шағым заңмен белгіленген мерзімде қарастырылу керек. Сізге шағымды қарастыру нәтижесі жазбаша түрде хабарлануы керек.

Кеден органдары қызметкерлерінің заңсыз әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағым түсіру тәртібін келесі ақпараттар арқылы алуға болады:

- ▶ 1) кеден органдарының ақпараттық стендтері;
- ▶ 2) www.customs.kz сайты.

Сіз Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кедендік бақылау комитетінің www.customs.kz сайтынан келесі мәліметтерді алуға болады:

- ▶ 1) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің кедендік бақылау комитеті және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің кедендік бақылау комитетінің өткізетін шаралар туралы ақпараттарды, сонымен қатар кеден органдарының мекенжайлары және телефондарын алуға;

- ▶ 2) кеден ісінің сұрақтары бойынша нормативтік- құқықтық актілерін және түсіндіру сипатындағы хаттарын қарауыңызға;
- ▶ 3) кеден ісінің төңірегіндегі әртүрлі сұрақтарды талқылау бойынша форумдарға қатысуға, сонымен қатар сыртқы экономикалық қызмет қатысушы- ларының пікірлерін сұрауыңызға болады.

6.5. Заңды тұлғаны тарату қалай жүзеге асырылады?

- ▶ Заңды тұлғалардың құқықтық қабілеті оны тіркеуден өткеннен кейін басталады және оны толық таратқан кезде тоқтатылады.
- ▶ Заңды тұлғаны таратудың шарты мен тәртібі оның жарғысында сипатталуы керек.

Мысал. Меншік иесінің бастамасы бойынша ЖШС-ты таратудың нақты сызбасы

- ▶ 1. а) ЖШС жалпы жиналысымен оны тарату туралы шешім қабылдау.

- ▶ б) ЖШС жалпы жиналысымен тарату комиссиясын құру, тарату мерзімі мен тәртібі туралы шешім қабылдау.

(ҚР АҚ, 54-бап). Тарату мерзімі жарияланған кезден бастап 2 айдан кем емес (кредиторлардың шағымын қабылдау мерзімі).

Тарату комиссиясы құрылған
кезден бастап оған заңды
тұлғаның мүлігін және істерін
басқару өкілеттілігі өтеді.

Тарату комиссиясы
таратылатын ЖШС атынан
сотта сөз сөйлейді.

- ▶ 2. а) Тарату комиссиясы ЖШС тіркеуді жүзеге асыратын әділет органына қабылдаған шешімін (дереу) жазбаша түрде хабарлауы (ҚР АҚ 50-бабы). Заңнамада бұл хабарламаның формасы көрсетілмеген, сондықтан ерікті түрде беріледі деп жобалауға болады.

- ▶ б). Тарату комиссиясы ЖШС тарату туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өзінің орналасқан жері бойынша салық органына бұл туралы жазбаша хабарлауы керек. (ҚР СК, 37-бап).
өтініш формасын салық органынан алуға болады.

- ▶ в). Ақпаратты орталық әділет органының ресми баспасөз басылымдарында жариялау (ҚР АҚ 50-бабы). Компанияны тарату ақпаратын жариялайтын арнайы басылымдар туралы нормативтік-құқықтық актілер жоқ, бірақ, 1999 жылғы 27 қыркүйектегі №78 «Мемлекеттік органдардың нормативтік-құқықтық актілерін жариялау туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығына сәйкес, орталық әділет органының ресми басылымы «Заң», «Юридическая газета» сияқты газеттер болып табылады. Тарату туралы ақпарат екі басылымға да, яғни, қазақ және орыс тілдерінде жариялануы керек.

- ▶ 3. Жұмыспен қамту органдарына тарату турала хабарлау. Тарату комиссиясы ЖШС таратылуына байланысты алдағы уақытта қызметкерлердің жұмыстан босайтыны, босатылатын қызметкерлердің қызметтері мен кәсіптері, мамандықтары, біліктілігі және еңбекақы мөлшері көрсетіле отырып, босатылуы мүмкін қызметкерлердің саны мен санаттары туралы және олар босатылатын мерзімдер туралы жұмыстан босату басталардан кемінде екі ай бұрын уәкілетті органға толық көлемде ақпарат беруге; (Халықты жұмыспен қамту туралы Қазақстан Республикасының 2001 ж. 23 қаңтардағы №149-ІІ Заңы, 9-бабы).

- ▶ 4. Тарату комиссиясының кредиторлар мен дебиторларды анықтауы (ҚР АҚ, 50-бабы). ЖШС қаржылық құжаттары бойынша жасалады.
- ▶ 5. Кредиторларға ЖШС тарату туралы жазбаша хабарлау (ҚР АҚ, 50-бабы). Еркін формада жазылады. Әрбір кредиторды алғандығы туралы хабарламаны ала отырып (хабарламасы бар тапсырысты хаттар), хат арқылы ақпараттандырған дұрыс. Хабарлама туралы түбіртектер мен құжаттарды сақтау қажет!

- ▶ 6. Аралық тарату балансын құру.
Белгіленген мерзім аяқталғанға дейін тарату комиссиясы жасайды (жарияланған кезден бастап 2 айдан соң). Заңнама талаптарына сәйкес жасалады.
- ▶ 7. ЖШС қатысушыларының жалпы жиналысымен тарату балансы бекіту

- ▶ (ҚР АҚ, 50-бабы). 1998 жылғы 22 сәуірдегі №220-І «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабына сәйкес, жарғыда басқа мәселелер қарастырылмаса, тарату балансын бекіту серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысына қатысушылар мен оған өкілдік алғандардың жай көпшілік даусымен қабылданады. Салық төлеуші жойылған жағдайда, тарату балансын бекіту кезінде кредитор талап етпеген міндеттемелер сіздің табысыңызға кіреді (міндеттемелерді шығысқа шығару), ол тарату балансының деректері бойынша кредиторға төленбеген барлық міндеттемелердің жиынтық сомасы ретінде анықталады (қосылған құн салығы сомасынан басқасы) (СК 88-бабы).

- ▶ 8.Салық органына құжаттамалық тексеру өткізу туралы өтініш ұсыну.

Таратылатын ЖШС аралық тарату балансы бекітілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өзінің орналасқан жері бойынша салық органына бір мезгілде:

- ▶ 1) құжаттық тексеру жүргізу туралы салықтық өтінішті (қосымшаны қараңыз);
- ▶ 2) таратудың салық есептілігін;

- ▶ 3) ЖШС қосылған құн салығын төлеуші болып табылған жағдайда, қосылған құн салығы бойынша тіркелу есебіне қойылғаны туралы куәлікті (ол жоғалған немесе бүлінген кезде жазбаша түсініктемені);
- ▶ 4) Егер таратылатын ЖШС ҚҚС салығынң төлеушісі болса, ҚҚС бойынша тіркеу есебінен шығару үшін салықтық есеп беріледі. (СК 37-бабы).

Таратудың салық есептілігі таратылатын ЖШС төлеуші болып табылатын салықтың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша, құжаттық тексеру жүргізу туралы салықтық өтініш табыс етілген салық кезеңінің басынан бастап осындай өтініш табыс етілген күнге дейінгі кезең үшін жасалады. ЖШС Таратылуына (қызметін тоқтатуына) байланысты құжаттық тексеру жүргізуге өтініш берген тұлға тарату сатысында тұрған салық төлеуші болып танылады (ҚР СК 580-бабы).

- ▶ 9 а). Салық төлеушіні жою туралы мәліметті салық комитетінің сайтына орналастыру. Салық төлеушілері әрекетсіз салық төлеушілер тізімінен шығару туралы ақпарат, шығару күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органның сайтына орналастырылады (ҚР СК 580-бабы).

- ▶ 10 а). Таратылатын заңды тұлға салық органына таратудың салық есептілігі табыс етілген күннен бастап күнтізбелік он күн мерзімнен кешіктірмей, таратудың салық есептілігінде көрсетілген салықты, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, әлеуметтік аударымдарды төлейді, міндетті зейнетақы жарналарын аударарды (Салық кодексінің 37-бабы).

Таратылатын ЖШС салық берешегі оның ақшасы есебінен, оның ішінде мүлкін өткізуден алынған ақшасы есебінен ҚР АҚ белгіленген кезектілік тәртібімен өтеледі (Салық кодексінің 37-бабы).

- ▶ Егер таратылатын ЖШС мүлкі салық берешегін толық көлемде өтеу үшін жеткіліксіз болса, салық берешегінің қалған бөлігін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жағдайларда, таратылатын заңды тұлғаның құрылтайшылары (қатысушылары) өтейді (Салық кодексінің 37-бабы). Егер таратылатын ЖШС салықтың, төлемақылар мен өсімпұлдардың артық төленген сомасы бар болса, онда көрсетілген сома осы Кодексте белгіленген тәртіппен таратылатын ЖШС салық берешегін өтеу шотына есепке жатқызылуға жатады (Салық кодексінің 37-бабы).

- ▶ б) Тарату комиссиясының
кредиторлардың талаптарын рәсім
аяқталғанға дейін заңды тәртіпте
қанағаттандыруы (кредиторлар жоқ
немесе кредиторлармен есеп
айырысатын қаржы жоқ) (ҚР АҚ,
54-бабы).

Әр кезеңнің талаптары алдыңғы кезектегі талаптар толық қанағаттандырылғаннан кейін ғана қанағаттандырылады.

Таратылған заңды тұлғаның мүлігі жеткіліксіз болған жағдайда, басқа заңда қарастырмаса, қанағаттандыруға жататын талап сомасына сәйкес тиісті кезекте кредиторларға бөлінеді.

Тарату комиссиясы кредиторлардың талаптарын қанағаттандырудан бас тартқан немесе қараудан жалтарған жағдайда, кредитор заңды тұлғаның тарату балансын бекіткенге дейін тарату комиссиясына талапарызбен сотқа шағымдануға құқылы. Соттың шешімі бойынша кредитордың талабы таратылған заңды тұлғаның қалған мүлігінің есебінен қанағаттандырылуы мүмкін.

Таратылған заңды тұлға мүлігінің жетіспеушілігі, сондай-ақ тарату балансы бекітілгенге дейін ұсынылмау, кредитор сотқа шағымданбаған жағдайда, тарату комиссиясымен танылмаған кредитордың талабы және соттың шешімі бойынша кредитордың талап-арызын қанағаттандырудан бас тарту нәтижесінде Кредитордың шағымы қанағаттандырылмаған жағдайда өтелген болып саналады.

▶ в). Тарату комиссиясының ЖШС құжаттарын сақталу орны туралы шешім қабылдауы.

Заңды тұлғаны тарату кезінде құжаттарын бұдан әрі Ұлттық және жеке құрам бойынша мұрағат қорында сақтау орны туралы шешімді уәкілетті органмен келісе отырып, тарату комиссиясы немесе конкурс басқарушысы қабылдайды. Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 желтоқсандағы № 326-І Заңы.

- ▶ г). Салық органдары құжаттық тексеру жүргізуі (жоспардан тыс тарату бойынша кешенді тексеру — ҚР СК 627-бабы). Салық органдары құжаттық тексеруді таратылатын заңды тұлғаның салықтық өтінішін салық органы алғаннан кейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей бастауға тиіс (Салық кодексінің 37-бабы).

- ▶ Кешенді тексеру — салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің барлық түрлері бойынша салық міндеттемелерінің орындалуы, міндетті зейнетақы жарналарының толық және уақтылы есептелуі мен аударылуы және әлеуметтік аударымдардың толық және уақтылы есептелуі мен төленуі бойынша салық қызметі органы салық төлеушіге қатысты жүргізетін тексеру.

Кешенді тексеруге тақырыптық тексеру мәселелері де енгізілуі мүмкін (Салық кодексінің 629-бабы). Құжаттамалық тексеруге жататын мерзім талап мерзімінен аспауы керек, яғни бес жыл. Нұсқамада көрсетілетін салықтық тексерулер жүргізудің мерзімі, егер осы бапта өзгеше көзделмесе, нұсқама тапсырылған кезден бастап отыз жұмыс күнінен аспауға тиіс (Салық кодексінің 629-бабы).

Қажетті құжаттарды ұсыну қажет болғанда, салық органдары салықтық тексеру мерзімі тоқтата тұрады. Тоқтату мерзіміне ЖШС таралуына байланысты өткізілетін салықтық тексерулердің мерзімі қосылмайды.

- ▶ Жалпы тексеру мерзімі аспауы қажет:
- ▶ 1) филиалдары мен өкілдіктері жоқ ЖШС үшін — алпыс жұмыс күніне дейін;
- ▶ 2) филиалдары мен өкілдіктері бар ЖШС үшін бір жүз сексен жұмыс күніне дейін ұзартуы мүмкін (Салық кодексінің 629-бабы)

Салықтық тексеру аяқталған соң салық қызметі органының лауазымды адамы:

- ▶ 1) салықтық тексеру жүргізілген орынды, акт жасалған күнді;
- ▶ 2) тексерудің түрін;
- ▶ 3) салық қызметі органының салықтық тексеру жүргізген лауазымды адамдарының қызметін, тегін, атын, әкесінің атын (ол болған жағдайда);
- ▶ 4) салық қызметі органының атауын;

- ▶ 5) салық төлеушінің (салық агентінің) тегін, атын, әкесінің атын (ол болған жағдайда) не толық атауын;
- ▶ 6) салық төлеушінің (салық агентінің) орналасқан жерін, банктік деректемелерін, сондай-ақ оның сәйкестендіру нөмірін;
- ▶ 7) салық төлеушінің (салық агентінің) басшысының және салық есептілігі мен бухгалтерлік есептілікті, салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуді жүргізуге жауапты лауазымды адамдарының тегін, атын, әкесінің атын (олар болған жағдайда)

- ▶ 8) алдыңғы жүргізілген құжаттық тексеру және бұрын анықталған Қазақстан Республикасының салық заңнамасын бұзушылықтарды жою бойынша қолданылған шаралар туралы мәліметтерді (кешенді, тақырыптық және қосымша тексерулер жүргізген кезде);
- ▶ 9) тексерілетін салық кезеңін және тексеру жүргізу үшін салық төлеуші (салық агенті) табыс еткен құжаттар туралы жалпы мәліметтерді;
- ▶ 10) Қазақстан Республикасының салық заңнамасының тиісті нормасына сілтеме жасай отырып, салық бұзушылығының егжей-тегжейлі жазылған сипат-тамасын;

- ▶ 11) салықтық тексеру нәтижелерін көрсете отырып, салықтық тексеру актісін жасайды.

- ▶ Салық төлеушіге (салық агентіне) салықтық тексеру актісі тапсырылған күн салықтық тексеру мерзімінің аяқталуы болып есептеледі. (Салық кодексі 637-бабы). Салықтық тексеру актісі кемінде екі дана етіп жасалады және оған салықтық тексеру жүргізген салық қызметі органының лауазымды адамдары қол қояды. Салықтық тексеру актісінің бір данасы салық төлеушіге (салық агентіне) тапсырылады. Салықтық тексеру актісін алған кезде салық төлеуші салық органы қызметінің салықтық тексеру актісіне алғандығы туралы қол қоюға міндетті (Салық кодексі 637-бабы).

Салықтық тексерудің аяқталуы бойынша Қазақстан Республикасының салық заңмасының бұзылуы анықталмаған жағдайда, онда бұл туралы салықтық тексеру актісіне тиісті жазба жасалады (Салық кодексінің 637-бабы).

Салықтық тексеру актісіне осы Кодекстің 557-бабына сәйкес салық құпиясы болып табылатын мәліметтерді қоспағанда, қажетті құжаттардың көшірмелері, салық қызметі органының лауазымды адамы жүргізген есеп-қисаптар және салықтық тексеру барысында алынған басқа да материалдар қоса тіркеледі (Салық кодексінің 637-бабы).

Егер тарату салықтық есептілігі алынған күннен бастап тарату салықтық тексеру аяқталған күнге дейінгі кезең ішінде салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, міндетті зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу, аудару, әлеуметтік аударымдарды есептеу және төлеу міндеттемелері туындаған жағдайда, мұндай міндеттемелер салықтық тексеру актісіне қосымшада өсімпұл есептелмей және айыппұл санкциялары қолданылмай көрсетіледі (Салық кодексінің 637-бабы).

Тарату салық есептілігін табыс еткен күннен бастап тарату салықтық тексеру аяқталған күнге дейінгі кезең үшін салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарының, әлеуметтік аударымдардың есепке жазылған сомалары туралы хабарлама тарату салықтық тексеру актісін салық төлеушіге (салық агентіне) тапсырған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей жіберіледі (Салық кодексінің 607-бабы).

- ▶ 11. Тарату комиссиясының тарату балансын құруы. Салық төлеушіні тарату кезінде тарату балансын бекіту жағдайында кредитор талап етпеген міндеттемелер есептен шығаруға жатады. Салық төлеуші-дебитор таратылған кезде оны тарату балансын бекіту күніне салық төлеуші-кредитор талап қоймағанда, табысты түзету жүзеге асырылады (ҚР СК 132-бабы).

- ▶ 12. Тарату балансын ЖШС қатысушыларының жалпы жиналысымен бекіту (заңды тұлға мүлігінің меншік иесімен немесе заңды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдаған органымен). 1998 жылғы 22 сәуірдегі №220-І «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 48-бабына сәйкес, тарату балансын бекіту серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысына қатысушылар мен оған өкілдік алғандардың көпшілік даусымен қабылданады.

- ▶ 13. Таратылған ЖШС шоттарына қызмет көрсетуші банктермен шарттар бұзылады.
- ▶ 14. Салық органына берешегі жоқтығы туралы анықтама алу үшін құжаттар ұсынылады. Таратылатын заңды тұлға салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі болмаған жағдайда, осы тармақта көрсетілген құжаттарды құжаттық тексеру аяқталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде табыс етеді (ҚР СК 37-бабын қараңыз).

Таратылатын ЖШС орналасқан жері бойынша салық органына:

- ▶ 1) тарату балансын;
- ▶ 2) банктегі бар шоттарының жабылғаны туралы банктің және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның анықтамасын;
- ▶ 3) салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі жоқтығы туралы анықтаманы табыс етеді

Салық органы осы Кодексте белгіленген тәртіппен және мерзімдерде салық төлеушіге салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешектің жоқ екендігі туралы анықтама беруге міндетті.

► 15. Кедендік органдардан анықтама алу .

Егер заңды тұлға таратылған жағдайда кеден органы берешектің жоқтығы туралы анықтаманы және (немесе) берешектің жоқтығы (бар екендігі) туралы анықтаманы төлеушінің аталған анықтаманың біреуін алуға арналған өтінішінің және кедендік баждар, салықтар мен кедендік алымдар бойынша салыстыру актісінің негізінде береді.

Берешектің жоқтығы туралы анықтама,
берешектің жоқтығы (бар екендігі) туралы
анықтама басшының немесе оны алмастыратын
тұлғаның қолымен және анықтаманы жасаған
кеден органының мөрімен куәландырылады
(2010 жылғы 30 маусымдағы №296-IV
«Қазақстан Республикасындағы кедендік іс
туралы» ҚР кодексінің 142-бабы).

- ▶ 16. Кредиторлардың талаптарын қанағаттандырудан кейінгі қалған ЖШС мүліктерін оның меншік иесіне немесе мүлікке құқығы немесе заңды тұлғаға қатысты құқығы бар құрылтайшысына (қатысушысына) беріледі, егер басқалар заңнамада немесе құрылтай құжаттарында қарастырылмаса, құрылтай құжаттарында көрсетілген мақсаттарға жұмсалады.

1998 жылғы 22 сәуірдегі №220-І «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (11-бабы) былай көрсетіледі: «серіктестік таратылған жағдайда кредит берушілермен есеп айырысқаннан кейін қалған мүліктің бір бөлігінің құнын немесе серіктестіктің барлық қатысушыларының келісімі бойынша осы мүліктің бір бөлігін заттай алуға құқылы».

- ▶ 17. Тіркеуші органға тарату туралы құжаттарды, оның қосымша құжаттарымен бірге беру.

Заңды тұлғаның таратылу негіздемесі бойынша қызметінің тоқтатылуын тіркеу (әділет органы) үшін:

- ▶ 1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша таратылуды тіркеу туралы өтініш;
- ▶ 2) заңды тұлға мүлкі меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның не оған заңды тұлғаның мөрі басылған құрылтай құжаттарымен уәкілеттік берген заңды тұлға органының шешімі;
- ▶ 3) құрылтай құжаттары, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік;



- ▶ 4) заңды тұлғаның таратылуы, кредиторлар қойған талаптарды мәлімдеудің тәртібі мен мерзімдері туралы баспасөз басылымдарында ақпараттың жарияланғанын растайтын құжат;
- ▶ 5) таратылатын заңды тұлға мүлкінің құрамы, кредиторлар мәлімдеген талаптардың тізбесі туралы мәліметтер қамтылған аралық тарату балансы, сондай-ақ оларды қарау нәтижелері;
- ▶ 6) тарату балансы;

- ▶ 7) заңды тұлға мүлкі меншік иесінің немесе заңды тұлғаны тарату туралы, заңды тұлғаның мөрі басылған аралық және тарату баланстарын бекіту туралы шешімді қабылдаған өзге де органның шешімі;
- ▶ 8) заңды тұлға мөрінің жойылғандығы туралы құжат;
- ▶ 9) таратылатын заңды тұлғаның филиалдары мен өкілдіктерінің (олар болған жағдайда) есептен шығарылғанын растайтын құжат;
- ▶ 10) салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешектің жоқ екендігі туралы анықтамалар;

- ▶ 11) кедендік төлемдер бойынша берешектерінің жоқ екендігі туралы кеден органдарының анықтамасы;
- ▶ 12) акция шығарылымдарының (акционерлік қоғамдар үшін) күші жойылғандығы туралы уәкілетті органның хабарламасы;
- ▶ 13) заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркелгені және филиалдар мен өкілдіктердің есептік тіркелгені үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе құжат табыс етіледі (Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі №2198 Заңы, 16-бабы)

- ▶ 18. Заңды тұлғаның таралуын тіркеу. Тіркеуші орган құжаттарды алғаннан бастап 10 күн ішінде:
 - ▶ 1) заңнамада және заңды тұлғаның жарғысында қарастырылған тарату тәртібі сақталуын тексереді;
 - ▶ 2) заңды тұлғаның таратылуы тіркелгендігі, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікті жою және оны Тізілімнен шығару туралы бұйрық шығарады.
- ▶ Белгіленген заңды тұлғаны тарату тәртібі бұзылғандығы анықталған жағдайда тіркеуші орган заңды тұлғаның таратылуы тіркеуден бас тарту туралы бұйрық шығарады;

- ▶ 3) Заңды тұлғалардың, филиалдардың және өкілдіктердің тізілімге және электрондық тізіліміне заңды тұлғаның қызметін тоқтату туралы мәлімет енгізіледі;
- ▶ Тексеру барысында белгіленген заңды тұлғаны тарату тәртібі бұзылмағандығы анықталса, тіркеуші орган он күн ішінде заңды тұлғаның қызметін тоқтату туралы мәліметті тіркейді. Заңды тұлғалардың мемлекеттік тізіліміне ЖШС тіркелген орындағы әділет басқармасында ЖШС қызметін тоқтату туралы жазба енгізіледі.

19. Салық органдарының заңды тұлғаны тарату туралы ақпараты.

Заңды тұлғаларды таратуды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар заңды тұлғаның таратылған күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей заңды тұлғаның таратылғаны туралы мәліметтерді электрондық хабарлама арқылы салық қызметі органына, банктерге немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға табыс етуге міндетті (ҚР СК 583-бабы).

- ▶ 20. Салық органдары тұлғаны тарату сатысында тұрған салық төлеушілер тізімінен шығаруды, Занды тұлғалар мемлекеттік тіркелімнен шығарылған жағдайда, бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінің мәліметтерін алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырады (ҚР СК 580-бабы).

Заңды тұлғаны таратудың түрлері

Ликвидация

- ▶ 1.Ерікті
- ▶ Мүліктің иесі және осы мүліктің иесі сенім берген құзіреттік органның шешімі бойынша (құрылтай қағаздар негізінде қызмет ететін орган), заңды тұлға кез келген негіз бойынша таратылу мүмкін.
- ▶ 2.Мәжбүрлі
- ▶ Банкротқа ұшыраған жағдайда
- ▶ заңды тұлғаның құрылуын тіркеу кезінде заңнамаға сәйкес түзетілмейтін қателіктер орын алғанда тіркеу жарамсыз деп танылады

- ▶ заңды тұлғаның көрсетілген және нақтылы мекенжайда болмауы, сондай-ақ заңды тұлғаның бір жыл ішінде жұмыс атқара алмайтын ұйымдастырушылар (қатысушылар) мен лауазымды тұлғалардың болмауы
- ▶ қызметті өрескел заң бұзушылықпен атқару: қызметті жүйелі түрде іске асыру, заңды тұлғаның жарғы мақсатына қарама-қайшы болған жағдайда; қызметті тиісті рұқсаттамасыз (лицензиялар) немесе рұқсат етілмеген заңнама актілермен жүзеге асыру;

- ▶ Заңнамамен бекітілген актілердегі басқа жағдайлар, мысалы, банктер үшін және т.б.
- ▶ Заңды тұлғаның таратылуы туралы талап, осы баптың екінші пунктінде көрсетілген негіздемеге сәйкес, мемлекеттік органның сотқа талап қоюы арқылы жүргізілуі мүмкін. Осындай талап қою құқығы заң актілерімен, ал банкрот болған жағдайда несиегермен жүзеге асырылады.

Заңды тұлғаны тарату туралы сот шешіміне сәйкес, заңды тұлғаның таратылуын жүзеге асыру міндеті, мүліктің меншік иесіне, меншік иесімен уәкіл етілген органға немесе заңды тұлғаның таратылуын жүзеге асыратын органға, құрылтай құжаттары негізінде немесе сотпен белгіленген басқа органдарға жүктеледі.